

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Қапияда кеткен қырандар



«19 шілде күні тападай тал түсте Алматының қақ ортасында даңқты спортшы Денис Тен қандықол қаракшылардың қолынан қаза тапты» деген хабар жаһанға тарайды. Бұл күндері баспасөз беттерінде осы тақырыпта жазылған құлаш-құлаш мақалалар жарық көріп, әлеуметтік желілерде осы істің мән-жайы терең талқыға түсуде. Қазақстанның билік басындағы азаматтары мен шетелдің атақты спортшыларынан бастап, қатардағы қарапайым жұртқа дейін чемпионның отбасына қайғырып көңіл айтуда.

Өткенге зер салсақ, қазақ спортындағы қайғылы оқиғалар осымен ғана шектелмейтініне көз жеткіземіз. Тоқсаныншы жылдардағы елдегі экономикалық дағдарыс көптеген спортшылардың теріс жолға түсуіне әсер етті. Дәл сол кездері «рэккет», «разборка», «киллер» және тағы да басқа сөздерді күн сайын естіп жүрдік. Тапсырыспен адам өлтіру, із-түссіз жоғалып кету, ақша бопсалау, кепілдікке кісі алу, дүйім жұрттың көз алдында соққыға жығу секілді қылмыстың түр-түрінің нағыз өршіген тұсы да сол. Өкінішке қарай, сол бір жаман үрдіс бүгінге дейін жалғасуда. Біз бүгінгі мақаламызда адам қолынан қаза тапқан атақты спортшылар мен білікті бапкерлер жайында әңгімелеуді жөн көріп отырмыз.

1995 жыл. Алматыдағы Төле би және Ясауи көшелерінің қиылысында тұрған «Мерседестің» ішінен кикбоксан аса ауыр салмақтағы Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Ерхан Садықовтың денесі табылды. Біраз уақыттан соң қылмысқа қатысы бар күдікті ұсталды. Ол өзінің досы екен. Құрдасының күннен-күнге дәулеті тасып, тасы өрге домалай бастағанын көре алмаған жендет өзінің жеке көлігінде еш алаңсыз отырған Ерханға тапанша кезенген. Қазір сол жерде кішкентай құлпытас тұр. Сырты шынжырмен қоршаулы. Құлпытаста боксшының былғары қолғабы бейнеленген. Тасқа ойылып тұрып жазылған жазуды оқыған адам баласының ет-жүрегі елжіремеуі мүмкін емес: «О, Тағдыр! Ерхан Ерсайынұлы. 1973 туған. 1995 жылы қайтыс болды».

1996 жыл. Сол жылы елді дүрліктірген екі бірдей оқиға болды. КСРО-ға еңбек сіңірген спорт шебері Мұрат Жексембековтің Алматыдағы пәтеріне енген жауыз жиырма жерден пышақ салып, 55 жастағы азаматты асқан айуандықпен өлтірді. Иә, Жексембековті жанкүйерлер жақсы біледі. Ол көгалдағы хоккейдің хас шебері еді. Мұрат оң қолмен де, сол қолмен де керемет соққы жасай білетін. Спорттың бұл түрінде ондай әмбебап ойыншылар сирек еді. Алматының даңқты «Динамо» клубының капитаны болған қандасымыз 18 рет Одақ біріншілігінің жеңімпазы атанды.

Дәл сол жылы Шымкентте профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика ғылымдары академиясының академигі, Оңтүстік Қазақстан облысындағы іргелі жоғары оқу орнының бірінің іргетасын қалаушы Мардан Сапарбаев киллердің қолынан қаза тапты. Ғылым мен спортты ұштастыра білген азамат кезінде грек-рим күресінен КСРО спорт шебері атанса, одан кейін көптеген мықты шәкірт тәрбиеледі. Басшылық қызмет атқарған жылдары Мардан мырза Оңтүстік өңірі спортын дамытуға орасан зор еңбек сіңірді. Өкіншісі, 54 жастағы азаматқа оқ атқан қандықол қарақшы табылған жоқ.

1998 жыл. Сәуір айы бел ортаға жеткен тұста Қазақстан Республикасы таэквондо федерациясының президенті Бексейіт Түлкиевтің қарақшылар қолынан қаза тапқаны жайында жайсыз хабар жер жаһанды шарлады. Алматыдағы үйінің маңына жетіп, көлігін тұраққа қойып жатқанда тұтқиылдан шыға келген бәзбіреу атақты спортшыға пышақ салды. Қылмыскер сол күйі ұсталмай кетті.

Бексейіт Түлкиев феномен еді. Ол жекпе-жек өнерінің бірнеше түрін еркін меңгерді. Досы мұзбалақ Мұстафа Өзтүрікпен бірге еліміздің әр аймағында таэквондонның дамуына өлшеусіз үлес қосты. Өзі сол ұйымды басқарды. Ал оның суретшілік шеберлігі жайында әңгіме тіптен бөлек. Бексейіттің «Замандастар», «Әке», «Ата-баба жері», «Суретшінің түсі», «Әже», «Әкені майданға шығарып салу», «Түсіру алаңы» секілді кескіндемелік туындылары көпшілікке танымал.

2000 жыл. 3 мамырда Оралда түн бел ортадан ауған тұста самбодан әлем чемпионы, әлем кубогының иегері 37 жастағы Асқар Шайхиев өз үйінің іргесіне келіп, таксиден түскелі жатқан еді. Сол мезетте бетін тұмшалап алып, Макаров тапаншасымен қаруланған жендет оған оқ жаудырды. Атылған оқтың төртеуі де саңлаққа дәл тиді.

Киллер көлікті айналып, тапаншаны жүргізушінің маңдайына кезеді. Бірақ шүріппені баспады. Жүргізуші мен оның серігі аман қалды. Асқардың да өліміне кінәлі адам табылмады. Бұл да тапсырыспен жасалған қылмыс екені еш күмән туғызбайды. Ел арасында «киллер Ресейге өтіп кетті» деген де әңгімелер айтылуда. Осылайша, Алаш жұрты тағы бір асыл азаматынан айырылды...

2001 жыл. Ақпан айының аясында Қарағанды қаласында орын алған оқиға еске түссе, әлі де жаның түршігеді. Сол кеште «Офсайд» дәмханасында қонақтар бейқам демалып отырған. Бір мезетте баса-көктеп кірген он шақты жігіт қонақтардың біразын сыртқа шығарып жіберіп, біразын іште қалдырады. Содан олар отырған жерге «Калашников» автоматымен оқ жаудырады. Біраз уақыт өте қылмыс орнына жеткен полицейлер дәмхананың ішінен бес адамның мәйітін табады. Жан тәсілім еткендер арасында бокстан КСРО және Азия чемпионы, Атланта Олимпиадасына қатысушы 29 жастағы Бектас Әбубәкіров та бар еді.

12 тамызда тападай тал түсте қол күресінен әлем чемпионы Вячеслав Чиванинді үйінің іргесінде белгісіз біреу атып өлтірді. Киллер оқиға болған жерден лезде ізін суытып үлгереді. 44 жастағы спортшы сол жерде жан тәсілім етті. Табаны күректей 17 жыл өтсе де қылмысқа қатысы бар ешкім ұсталмады. Жалпы Чиваниннің өмірі шытырман оқиғаларға толды. 1974-1987 жылдары аралығында ол алаяқтық, бопсалау және басқа да қылмыс түрлерімен айналысып, үш рет темір торға тоғытылды. Әсіресе, Вячеславтың қандай әккі алаяқ болғанын құқық қорғау органдары зейнеткерлерінің аузынан сан мәрте естігенбіз. Бұл жайында фильм де түсірілді, баспасөз беттерінде бірнеше мақала жарық көрді.

2002 жыл. 14 маусымда қазақ жанкүйерлері қара жамылды. Алматыдағы көп қабатты үйлердің бірінде орналасқан пәтерінің қасына жеткен тұста жендет әйгілі боксшы, даңқты бапкер Әбдісәлан Нұрмахановқа ту сыртынан оқ атты. 66 жастағы абыз ақсақал сол жерде жан тәсілім етті. Бокс өнерін серік еткен қасиетті Түркістанның түлегі аса ауыр салмақта жұдырықтасып, биік белестерді бағындырған тұңғыш қазақ. ГАНЕФО ойындарында топ жарып, КСРО чемпионаты мен КСРО халықтары Спартакиадасында жүлдегерлер қатарынан бірнеше рет көрінген нар тұлғалы азамат көптеген халықаралық жарыста да жасындай жарқырады. Кеңес Одағы бапкерлері іштарлық танытпағанда Нұрмахановтың бағындырар белестері одан да биік болатыны даусыз еді. Кейіннен бапкерліктің қамытын киіп, талай талантты жастың томағасын сыпырды.

1996 жылы Қазақстан құрамасын Атланта Олимпиадасына бастап апарып, зор табысқа қол жеткізді. Сол жылдың жазында болған оқиғадан соң барша халық «Қазақтың аса қадірлі ақсақалын өлімге қиған кім екен?», деп қатты қайғырды. Көп ұзамай қылмыскерлер қолға түсіп, тиісті жазаларын алды. Құзырлы органдарға сенсек, Алматы қаласы Әуезов ауданындағы уақытша автотұрақтардың бастығы қызметін атқарып жүрген Әбдісәлан Нұрмахановтың ізіне Владимир Конев есімді қарақшы түскен екен.

Ол кезінде бессайыспен айналысып, спорт шебері дәрежесіне дейін жеткен. Сол кездері Конев Әбекең басшылық ететін тұрақтардың бірінде нәпақасын тауып жүрген. Бастығын тонап, мол олжаға кенелуді мақсат тұтқан ол сыбайласымен бірге астыртын жоспарын жүзеге асырады. Кемінде 50 мың АҚШ долларын қалтаға басамыз деген оймен қазақ боксының қара нарын өлтірген олар 200 мың теңгені олжалаумен шектелген көрінеді.

2004 жыл. Семейдегі «Полковник» аралында інісі әрі шәкірті Дарын Сайынды кезекті жарысқа әзірлеп жатқан жас бапкерді таныс жігіті іздеп келіп, тысқары жерге шақырады. Біраз уақыт өткеннен кейін екеуі сөзге келісе алмай, ақыры жанжалға ұласты. Жекпе-жекке шықса, жеңе алмайтынына көзі жеткен қарсыласы сөмкесінен мылтығын

шығарды. Тарс еткен дыбыс алысқа естіледі. Сөйтіп жасы отызға да толмаған өрімдей жас азамат Сайын жарық дүниемен қош айтысты.

2008 жыл. Қаңтардың 1-нен 2-не қараған түні бокстан жастар арасында әлем біріншілігінің жүлдегері Мұхтар Рұзбаевтың МАИ қызметкерлері қолынан қаза тапқаны жайында ақпарат ел-жұртты елең еткізді. Сақшылардың сөзіне сенсек, Сейфуллин көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысында олар «Тойота-Сюрф» көлігін тоқтатқан. Ішінен атып шыққан үш жігіт полицейлерге шабуыл жасап, өздерін тарпа бас салады. Бар пәле содан басталған. Ал жәбірленуші жақ бұл дәйектің барлығын жоққа шығарып, МАИ қызметкерлері заңсыз қару қолданды дейді. Қайсысы рас, қайсысы өтірік екенін дәл қазір айту қиын. Оны анықтау құқық қорғау органдары құзырында. Бір анығы, бұл жанжалдың ақыры адам өліміне әкеп соқтырып, өрімдей бір азамат ажал тырнағына ілікті.

Асылхан Бұсырманов тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстандағы ең мықты кикбоксшылардың бірі саналған. Талай байрақты бәсекеде ел намысын абыройлы қорғаған саңлақ үлкен спорттан қол үзгеннен кейін туған өлкесі Қостанайда жаттықтырушылық қызмет атқарып, жеке клубын ашты. Бүгінгі таңда Қазақстан спортының мақтанышына айналған Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатының жүлдегері, Азияның үш дүркін чемпионы Василий Левиттің алғашқы бапкерлерінің бірі болған да дәл осы Асылхан еді.

Қайғылы оқиға былай өрбіген: 29 ақпанда Қостанайдағы «Доброе» дәмханасында 37 жастағы Асылхан Бұсырманов жергілікті кәсіпкер Валерий Алексеевтің қос ұлымен жанжалдасып қалады. Кәсіби спортшы жастарды сабасына түсіреді. Төбелес барысында бірінің жағы сынады. Жәбірленуші жақ полицияға арыз жазады. Бұсырманов оларға мәселені бейбіт түрмен шешуді ұсынады. Бірақ қос тарап ортақ мәмілеге келмеді. Арада бес күн өткеннен соң Алексеев спорт кешенінің қасына келіп, Бұсырмановты далаға шақырады. Кәсіпкердің көлігіне жақындаған бетте мылтық атылады.

2008 жылдың 15 қазанында Алматыдағы Момышұлы мен Маречка көшелерінің қиылысындағы бағдаршамға Land Cruiser Prado көлігінің тоқтағаны сол еді, жанына келіп аялдаған қара түсті BMW-ның терезесінен оқ атылды. Еш алаңсыз отырған джиптің жүргізушісі, атақты кикбоксшы, аса ауыр салмақта Әлем және Азия чемпионы атанған Асқар Коханов ауыр жарақат алып, дереу №7 клиникалық ауруханаға жеткізілді. Арада 10 күн өткеннен соң ол ауруханада көз жұмды.

Тергеу амалдары барысында мынадай жайттар анықталады: 2008 жылдың қазан айының басында кикбоксстан Алматы қаласының ашық біріншілігі өтеді. Айтулы жарыста Асқар Коханов жетекшілік ететін «Макус» клубының мүшелері де бақ сынайды. Кезекті жекпе-жек барысында кикілжің болып, бұл іске бапкерлер де араласады. Әйгілі спортшы жарысты ұйымдастырушылар және солардың жақтастарымен «жаға жыртысуға» дейін барады. Алайда араға түскен адамдар қызуқанды жігіттерді арашалап алады.

Сол күні барлығы да үйді-үйіне аман-есен қайтады. Кейіннен белгілі болғандай, чемпионға сес көрсеткен Алматыдағы қылмыстық топтың мүшелері екен. Содан олар кек алуды көздеп, Асқардың әр қадамын андиды. Ақырында арамза жоспарларын жүзеге асырып, 45 жастағы қазақтың нар тұлғалы спортшысын о дүниеге аттандырды. 22 қарашада Алматыдағы Сейфуллин көшесі бойындағы түнгі клубтардың бірінде танымал боксшы Евгений Гавриленко өзі құралыптас жігіттермен жанжалдасады. Ашық айқаста оған әлі жетпейтіндерін түсінген қарсы жақтың жігіттері мылтық атады.

2009 жыл. 9 тамызда Шахтинскіде болған қанды оқиға да дәмханада шыққан даудан басталды. Жергілікті жастар бір-бірімен тіл табыса алмады. Екі жақтың да мәмілеге келетін түрі жоқ. Ертесіне олар кездесетін жерді белгілеп, жандарына жора-жолдастарын жинайды. Достарына қолдау көрсету үшін Қарағандыдан аса дарынды

боксы, жастар арасындағы Азияның үш дүркін чемпионы, әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Ермек Серіков те келеді. Кешкі сағат 20:00-де Шахтинскі қаласына кіре-берістегі жанар-жағармай құю бекетіне тоқтағанда, қарсыластары сол жерден күтіп алады. Бірден оқ жаудырады. Көп оқтың бірі Ермекке тиеді. Бекет кассирі полицияға телефон шалады.

Сол мезетте қарсы жақ көліктеріне мініп, тайып тұрады. Боксы ауруханаға жеткізілгенімен, келесі күні көз жұмды. Ол небары 20 жаста еді... Көп ұзамай Ермек Серіковті атқан жігіт ұсталып, 7,5 жылға бас бостандығынан айырылады. Алайда Владимир Шепин темір қапаста көп тұрақтамады. Арада біраз уақыт өткеннен кейін оның түрмеде жантәсілім еткені белгілі болды.

2013 жыл. Маусым айында Маңғыстау облысы аумағында Азаматтық әуе авиациясының бұрынғы басшысы Мұхит Құбаев пен Алматы қалалық Ішкі істер департаментінің экс-орынбасары, каратэден әлем чемпионы Серік Бимұрзиннің мәйіті табылды. Кейін белгілі болғандай оларды біздің елде нәпақасын тауып жүрген Өзбекстанның тумасы атып өлтірген. Көп ұзамай қылмыскер Қарақалпақстанда қолға түсті. Алайда сол жерде ол өз-өзіне қол жұмсаған екен.

Осылай жалғастыра берсек, әңгіменің тым ұзаққа созылатын түрі бар. Бүгінгі мақаламызда біз тек даңқы алысқа жайылған немесе кезінде елді дүрліктірген оқиғаларды ғана баяндадық. Әрине, адам қолынан қаза тапқан спортшылардың саны бұдан да көп...

Ғалым СҮЛЕЙМЕН